

Койшыбекова Айжан Кумарбековнаның 8D01501- «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жоғары оқу орындарында математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне

ПІКІР

Докторант Койшыбекова Айжан Кумарбековнаның 8D01501- «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жоғары оқу орындарында математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты диссертациялық зерттеуі қазіргі заманның басты талабын қанағаттандыратын еңбектің бірі.

Себебі, қай саладан болса да өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби бағыттылығы жоғары маман даярлау бүгінгі таңдағы өзекті мәселеге айналған.

Алайда, математиканы сапалы оқыту жүйесінде өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға қатысты нақты ғылыми-әдістемелік еңбектердің жеткіліксіздігі, оны ұйымдастырудың педагогикалық шарттарының ғылыми тұрғыдан негізделмеуі мен кредиттік оқыту жүйесінде болашақ мамандардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру қажеттігі арасында карама-қайшылықтар бар, олар:

- студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қоғамның сұранысы мен оны басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

- студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында кредитті технология талабымен өткізу мақсаты мен құрылымының сараланбауы арасында;

- ЖОО-да студенттің өзіндік жұмыстарын нәтижеге бағдарлануының педагогикалық шарттарының толыққанды құрылмауы арасында.

Осы карама-қайшылықтарды шешу үшін А.К. Койшыбекова зерттеу жұмысын математика оқытушыларының жоғары оқу орнында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негіздерін қалыптастыру жолдарын іздеуге бағыттап, оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеген.

Атап айтқанда, диссертациялық зерттеудің кіріспесінде жұмыстың ғылыми аппараты толық ашылған яғни, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық - әдіснамалық негіздері, зерттеу кезеңдері мен әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы, теориялық пен практикалық маңыздылығы және қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу жұмысы нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі қарастырылған.

«Жоғары оқу орынында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде алдымен

студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері айқындалған.

Өзіндік жұмыс арқылы студент белгілі бір саладағы білімін тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар тұлға болып қалыптасу үшін қажет көптеген дағдыларды дамытады.

Зерттеу жұмысымызда «өзіндік жұмыс» ұғымының мән мағынасын ашып сонымен қатар, студенттің тұлға болып қалыптасуы мен өзіндік жұмыс арасындағы байланысты зерттеп, негіздеген.

Нәтижесінде өзіндік жұмыс арқылы дамитын төмендегідей дағдыларды көрсеткен:

а) ұйымдастырушылық, өзін-өзі ұйымдастыру, уақытты басқару-студенттің тұлға болып қалыптасуына қарым қатынас дағдысы жетілгенін көрсетеді;

ә) зерттеу, креативті ойлау-студенттің тұлға болып қалыптасуына белсенді, креативті ойлау қабілетін қалыптастырады;

б) өзін-өзі тәрбиелеу және жауапкершілік, өзіне деген сенімділік-студенттің тұлға болып қалыптасуына ұлттық намысы мен рухы мықты тұлға болуына әсер етеді;

в) шығармашылық ойлау- студенттің тұлға болып қалыптасуына жаңа заманға бейімделген, жаңашыл ойлайтын қабілеті дамиды, т.с.с

Өзіндік жұмыстың мәні және оның студенттің тұлғалық қалыптасуындағы орнын зерттей отырып, өзіндік жұмысты орындау барысында қалыптасатын дағдылардың студенттің тұлғалық қалыптасуына тигізетін әсері зор екендігін анықтай отыра, ЖОО-да студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері тұжырымдалып, жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері айқындалған.

Ал, «Жоғары оқу орындарында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемесі» атты *екінші бөлімінде*: жоғары оқу орынында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен педагогикалық шарттары тұжырымдалып, математикалық пәндер бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың компоненттерін бағалаудың критерийлері айқындалып, математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі ұсынылған.

«Математикалық пәндерден студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімділігін негіздеу» атты *үшінші бөлімінде* өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелері экспериментальды тексеріліп, дұрыстығы математикалық статистика негізінде дәлелденген.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай төмендегідей нәтижелер алынған:

– жоғары оқу орындарында өзіндік жұмысты ұйымдастырудың психологиялық -педагогикалық аспектілері негізделінген;

- жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар анықталған;
- студенттердің белсенділігі мен дербестігін дамытуға бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың моделі құрылған;
- математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі әзірленген;

Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны бойынша 14 ғылыми еңбек жарық көрген.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ішкі мазмұнының тақырыппен сәйкестігі, зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, алынған тұжырымдар мен қорытындылардың құндылығы ізденушінің жеке дара дайындалып, толық аяқтаған ғылыми еңбегі екендігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай толық сәйкес орындалғанын дәлелдейді.

Айжан Кумарбековна Койшыбекованың «Жоғары оқу орындарында математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, өзбетінше орындалған ғылыми зерттеу жұмысы деп бағалаймын. Арнайы мамандандырылған диссертациялық кеңесте қорғауға болады деген қорытынды жасаймын және ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші
п.ғ.д., профессор
І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті



С.М.Сеитова

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ
ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ
Қолы *Сеитова С. М.*
РАСТАЙМЫН